



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 29 наурыз



Депозит нарығының 2017 жылғы қаңтар-ақпан аралығындағы жай-күйі

2017 жылғы ақпанның соңында депозиттердің көлемі қаңтар-ақпанда 6,2%-ға төмендеп, 17 045,4 млрд. теңгені құрады. Мұндай серпін ұлттық валютадағы депозиттер ұлғайған кезде (0,3%-ға) шетел валютасындағы депозиттер көлемінің азаюына (11,5%-ға) байланысты болды. Нәтижесінде депозиттердің долларлану деңгейі 2016 жылғы желтоқсандағы 54,6%-дан 2017 жылғы ақпанда 51,5%-ға дейін төмендеді. Заңды тұлғалардың валюта салымдарының үлесі жыл басынан 49,1%-дан 45,8%-ға дейін, жеке тұлғалардікі – 62,0%-дан 58,8%-ға дейін төмендеді (1-3-графиктер).



Ұлттық валютадағы депозиттердің өсуіне жеке тұлғалар депозиттерінің өсуі себепші болды, олар жыл басынан 4,1%-ға немесе 121,3 млрд. теңгеге ұлғайды.

Шетел валютасындағы депозиттер теңгенің нығаюу нәтижесінде қайта бағалау есебінен де (қаңтар-ақпанда 6,2%-ға), нақты әкетілуі есебінен де (5,7%-ға) төмендеді.



Тартылған депозиттер бойынша мөлшерлемелер: жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы салымдары бойынша 2016 жылғы желтоқсандағы 12,0%-дан 2017 жылғы ақпанда 11,8%-ға дейін, шетел валютасында – 2,6%-дан 2,4%-ға дейін, заңды тұлғалардың салымдары бойынша тиісінше 10,5%-дан 10,2%-ға дейін және 1,6%-дан 1,4%-ға дейін төмендеді.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz